



Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті студенттерінің Ар-намыс КОДЕКСІ

Аталған кодекс студенттердің жалпы тәртіптік нормаларын анықтайды және Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті студенттерінің этикалық нормаларын реттеп, қалыптастыруға бағытталған.

Студенттер осы Ар-намыс Кодексінің белгіленген талаптарын ұстануға және орындауға міндетті. Студенттер тарапынан академиялық қызметтердің стандарттарын бұзу - университет мүддесіне кері әсерін тигізеді. Бұл кодекс студенттің оқуға түскеннен кейінгі алғашқы күннен бекітілген ерікті келісім болып табылады.

Шәкәрім атындағы университетінің академиялық қоғамдастығының жауапты мүшесі ретінде студенттер келесі міндеттерді орындауы қажет:

- студент Қазақстан Республикасының мәртебелі азаматы ретінде және келешектегі маманданған тұлға ретінде өз құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін университет қабырғасында өзінің тәжірибелік және ғылыми-ізденушілік жұмыстарға қатысуы арқылы өз күш-жігері үлестерін тигізуі тиіс;

- студент «Университеттің ішкі тәртібі» ережелерін және «Жатақханада тұру ережесі» талаптарын орындауға міндетті. Студент іскерлік және мәдени тәртіп этикалық нормаларына сай болуы және университет тәртіптерін құрмет етуге және университеттің тиісті мүліктерді сақтауы тиіс;

- студент оқытушының Ар-намысы мен қызметін қадірлеуі тиіс;

- студент аттестациялық сынақтар кезінде білім бақылауында, білім сынақтарында, жеке өзіндік жұмыстарды орындауда (емтихан-сынақ кездерінде оқытушы рұқсат етпеген материалдарды, әдістемелік, техникалық құралдарды пайдаланбауы тиіс; емтихандық сұрақтар туралы заңсыз ақпараттар алуына тыйым салынады) бөтен-заңсыз тұлғаларға назар аударуына тыйым салынады;

- студент әкімшілікке басқа білім алушылардан ерекшелену мақсатында жеке әрекеттер жасап, өзінің жеке және туыстық немесе қызметтік байланыстарын қолданбауы және оқытушыларға пара бермеуі қажет;

- студентке плагиат, яғни, жазба жұмыста өзгенің жұмысын көшіру немесе электронды түрде сілтемесі көрсетілмеген ақпараттарды пайдалануына тыйым салынады.

Аталған Кодекстің шарттарын ұстанбаған студент университет басшылығы, әртүрлі тәртіптік және моральдық жаза қолдану өкілеттілігі бар студенттік өзін-өзі басқару мүшелерінің алдында жауапты болады.

Университеттің Ғылыми кеңесінің 04.09.2017 жылғы № 1 Хаттамасы шешімі